ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

«АҚЖАРМА АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІ»

АКИМАТ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА

«АКИМ СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА АКЖАРМА»

ӨКІМ

«10» қаңтар 2025 ж/г
Баймұрат батыр ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 39-Ө
село Баймұрат батыр

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағы 28)-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 507- тармақтарына сәйкес:

1. «Талдыарал елді мекені Т.Қоңырбайев көшесіне көше жарығын орнатуға жобалау сметалық құжатын» дайындауды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы Г.Әубәкірге:

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 16-бабының 6) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындау;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;
- шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру тапсырылсын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4 . Осы өкім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

ӘКІМ **С. ӘБДІРЕЕВ**

001294